

Айна*Ертегі*

Бір күні кірпі, қоян, керік орманда келе жатады. Ағаштың артынан жылтыраған бір нәрсені көреді. Олар сол заттың қасына келеді. Оған қарайды.

– Өзінің үсті-басы тікенек, кішкентай ғана көздері бар. Бұл – кім? – деп сұрайды кірпі.

– Қане, көрейінші, – дейді қоян. – Жоқ, оның тікенегі жоқ, құлағы ұзын, көзі қызыл, мойны қысқа ғой.

– Мен де көрейінші, – дейді керік.

– Жоқ, оның мойыны қысқа емес ұзын, құлағы тікірейген, бойы биік, – дейді керік.

1. Сөйлемді аяқтаңыз.

1. Бір күні кірпі, _____, керік орманда келе жатады.
2. Ағаштың _____ жылтыраған бір нәрсені көреді.
3. Олар сол заттың қасына _____.
4. Бұл – кім? – деп _____ кірпі.
5. Жоқ, оның _____ жоқ, құлағы _____, көзі _____, мойны _____ ғой, - дейді қоян.

2. Дұрыс па, бұрыс па?

	дұрыс	бұрыс
1. Бір күні аю, кірпі, қоян, керік орманда келе жатады.		
2. Ағаштың артынан жылтыраған бір нәрсені көреді.		
3. Олар сол жануардың қасына келеді.		
4. Өзінің үсті-басы тікенек, кішкентай ғана көздері бар, – дейді кірпі.		
5. Бұл – не? – деп сұрайды керік.		
6. Қане, көрейінші, – дейді балық.		
7. Жоқ, оның тікенегі жоқ, құлағы ұзын, көзі қызыл, мойны қысқа, – дейді кірпі.		
8. Мен де көрейінші, – дейді керік.		
9. Жоқ, оның мойыны қысқа емес ұзын, құлағы тікірейген, бойы биік, – дейді керік.		